

БЕКІТЕМІН
«Нұр-Жеңіс» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
О.Усербаева



«Нұр-Жеңіс» бөбекжай балабақшасының
2021-2022оқу жылының
Өндірістік кеңес хаттамалары

Өндірістік кеңестің

№1 хаттамасы

2021 қыркүйек

Қатысқандар – 18

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арналған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Жолдауы.

Тыңдалды: Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан халқына арналған Жолдауы жайында балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Биыл егемен ел болғанмызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз. Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда. Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік. Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан, кез-келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет. Менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым мынадай мәселелерге арналады. I. ПАНДЕМИЯДАН KEЙІНГІ KEZEҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ. II. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ. III. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ. IV. Өңірлік саясатты жетілдіру. V. Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру. VI. Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау. VII. Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы.

Құрметті отандастар! Біздің жақын арадағы негізгі басымдықтарымыз – осындай. Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары. Сіздердің амандықтарыңыз – менің Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім. Сондықтан, менің келесі бастамаларым, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналады.

БІРІНШІ БАСТАМА Ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарайтын кез келді деп санаймын. Бұл – бір жағынан аса маңызды макроиндикатор болса, екінші жағынан – әркімге түсінікті көрсеткіш. Бізде ең төменгі жалақы мөлшері 2018 жылдан бері өскен жоқ. Қоронавирусқа байланысты әлемдік дағдарыс тұрғындардың табысына кері әсер етті. Оның үстіне Қазақстан ең төменгі жалақы деңгейі бойынша ТМД-ның бірқатар елдерінен артта қалып қойды. Сондықтан, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, ал бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді. Сонымен бірге, көлемі бүгінде жария етіліп жүрген жалақының 30, тіпті кейде 40 пайызына дейін жететін «көлеңкелі» еңбекақы қорын азайтады. Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға оң әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл Ішкі жалпы өнімді 1,5 пайызға арттырады. Бұдан былай ең төменгі жалақыны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды қою керек. Үкімет пен Парламенттен жыл соңына дейін қажетті өзгерістерді заңнамаға енгізіп, оның келесі жылы қаңтар айында күшіне енуін қамтамасыз етуді сұраймын.

ЕКІНШІ БАСТАМА Қазақстанда 6,5 миллионнан астам адам жалданып жұмыс істейді. Мұны өздеріңіз жақсы білесіздер. Олардың негізгі табыс көзі – жалақы. Бұл ретте, еңбекақы төлеу қорының өсімі соңғы 10 жылда кәсіпорын иелері табысының өсімінен 60 пайызға жуық қалып қойды. Осыған байланысты Үкімет бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шаралар әзірлейді. Қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетілетін болады.

ҮШІНШІ БАСТАМА Еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақтың өзі барынша түсінікті әрі қарапайым болуы қажет. Бұл, әсіресе, микро және шағын кәсіпкерлік саласында қатты сезіледі. Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақты 34 пайыздан 25 пайызға төмендете отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізуді ұсынамын. Бұл шара бизнесті мыңдаған қызметкерін «көлеңкеден шығаруға» ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады. Бұл мәселеде науқаншылдыққа жол беруге болмайды. Бизнесің жұмысында іркілістер мен шығындар болмауы үшін тиісті төлем жүйесін даярлау қажет. Жаңа жүйе 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастауға тиіс.

ТӨРТІНШІ БАСТАМА 2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті. Бірақ, бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды. Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер,

қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалар. Сондықтан 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады. Тұтастай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді.

БЕСІНШІ БАСТАМА Тұрғын үй азаматтарымыз үшін – қашанда басты мәселе. «Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталады. Сонымен қатар, нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәріне бірдей қолжетімді емес. Осыған орай, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады. Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банкі» оның әкімшісі болып белгіленеді. Банк алдында «бір терезе қағидаты» бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр. Мен бұған дейін зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастаманың оң әсері туралы айттым. Сондай-ақ, бұл қадам адамдардың жұмыс берушілерден еңбекақыны ашық төлеуді талап етуіне жол ашты. Осы үрдісті қолдау үшін зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын-үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беру қажет деп санаймын. Сонымен қатар, бұл қадам жұрттың қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды дағдыға айналдыруына мүмкіндік береді.

Қымбатты отандастар! Біздің бағытымыз – белгілі, мақсатымыз – айқын. Ең бастысы, сол мақсатқа жету үшін не істеу қажеттігін жақсы білеміз. Нақты жоспар жасап, соны жүзеге асырып жатырмыз. Біз қолға алған игі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз. Кез-келген кедергіні еңсеріп, қиындықты жеңуге дайынбыз. Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін. Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс. Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін. Себебі дүние жүзіндегі ахуал құбылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы. Меніңше Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс. Қазір біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз. Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте! Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік! Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!

Шешімі.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Жолдауын қолдаймыз.

Комиссия төрайымы




О.Усербаева

Комиссия мүшесі



К.Шалатаева

Комиссия мүшесі



Г.Аюпова

Хатшы



Нарова.Н

2021 қыркүйек

Қатысқандар – 20

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру шараларының, ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы.
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау.
3. Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі, жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
4. «Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» баяндама.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші О.Усербаева сөз алды. Өткен оқу жылының жазғы сауықтыру шаралары бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылды. Тәрбиешілер топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу кестесін өтті. Жалпы балабақшада жаз мезгілінде балалар толығымен келді, тізімге сәйкес 15 баладан. Медициналық тұрғыда бақылау жүргізіліп, іш өту, күн өту сияқты аурулар тіркелген жоқ. Қызметкерлерге келетін болсақ барлықтарыңыз кезекті еңбек демалысына шығып, демалдыңыздар. Ағымдағы жөндеу жұмыстары өздеріңіздің күштеріңізбен жоғары дәрежеде өтті деуге болады. Барлық топтар толығымен әктеліп сырланды. Топ терезелеріне перделер ілінді. Асхана, медпункт, көлеңкелі бастырма барлығыда әктеліп сырланды. Аулада тазалық жұмыстары жүргізіліп, жабайы шөптерден тазартылды. Енді алдағы уақытта тазалық жұмыстары дер кезінде жүргізіліп отырса, жөндеу жұмыстарының нәтижесі ұзақ сақталады. Шаруашылық меңгерушісі ағымдағы жөндеу жұмыстарына кеткен еден, ақ бояулар, заттар туралы және кеткен қаражат туралы мәлімет берді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде балабақшаның ұжымы білікті педагогтар мен тәрбиешілерден, аспаз және медицина қызметкерлерінен құралған. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына сай білім деңгейін қалыптастыруға жағдай жасалып, оқу тәрбие іс-тәжірибесі жинақталған. Тәрбиешілер әр балаға тұлға ретінде көңіл бөліп, жеке жұмыс жүргізеді. Барлық топтар әр түрлі ойыншықтармен және топтағы ыдыстардың біршамасы ауыстырылды. Балаларға зияны тимейтін, әрі әдемі ыдыстарды алып бердік. Тәрбиеленушілер 2 топтан құрылған. Балабақшада 45 бала тәрбиеленуде. Ортаңғы топ – 25 бала, Кіші топ – 20 бала. Әдіскер балалар тізімімен таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің баланың өсуі мен денсаулығын нығайтуда маңызы зор. Сонымен қатар, ол бала бойында жақсы әдеттерді қалыптастыруға, ерік-жігерін нығайтуға, ұстамдылық, ұқыптылық сияқты басқа да маңызды

қасиеттерді жетілдіруге көмектеседі. Күн тәртібі – балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс ойластыра жасалған еңбекке дағдыландыру, демалыс, тамақтандыру, ережесі. Сәбиді белгілі бір уақытта ғана тамақтандыру қажет. Кейбір ата-аналар бұл талаптарды сақтамайды. Сөйтіп бала тәрбиесіне белгілі дәрежеде қиындық келтіреді. Сәбилерді белгілі уақытта ұйықтауға, белгілі бір уақытта тұруға үйретуде маңызды. Ұйықтар алдында тамақтан бұрын алаңсыз ойнағаны жөн, ал жарты сағат серуендеу тіпті пайдалы. Бала таза ауада мүмкіндігінше ұзағырақ, жазда күні бойы, көктемде күз бен қыста бірнеше сағат бойы болуы қажет. Ауа райы қолайсыз күндерде серуенге ұзақ болмаса да жиірек шыққан жөн. Таңертеңгі, түскі, бесіндік тамақтану мерзімдерін бұзбай сақтау қажет. Сондықтан балабақшада әр топта күн тәртібі бекітілген, сол күн тәртібі бойынша жұмыс жасауларыңызды сұраймын. Сонымен қатар тәрбиешілердің жұмыс кестесі туралы айтып өтті және балабақша меңгерушісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының біліктілік сипаттамасы мен таныстырды. Төртінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі З.Кожакұлова «Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайда баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып, төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет: бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу, білімін қосымша әдебиеттерімен толықтыру, жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор» деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру. Әр тәрбиешінің алдындағы сәулелі мұрат шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам. Сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Өйткені тәрбиеші бала болмысын, жүзін көріп түзелер айна іспетті. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жаңашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауапкершілік сезімді, жаңа технологияны толық меңгерген, өз ісінің шебері болуы керек. Балабақшада алған алғашқы осындай мәліметтер олардың ішінде кейбір дарындылардың өнер жолына түсуіне игілікті әсерін тигізері анық. Педагогикалық ұжымның талмай ізденуі, аянбай еткен еңбегінің бір өтеуі болғандай балалармен өткізген шығармашылық жұмыстары қазір көзге көрінбесе де, түбінде кім біледі, бәлкім жылдар жылжып өткеннен кейін, үлкен өмір төрінде төбе көрсетіп қалар, еліміздің өнерлі азаматтарының бірі болады деп сенеміз, өйткені балабақша шығармашылық негізін

салған.

Шешімі:

1. Балабақшада жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Топтарды жабдықтау жұмыстары Қ.Р. Білім және ғылым министирлігінің 07.032012ж№97 бұйрығы негізінде жүргізілсін.
3. Балабақша қызметкерлері балабақшаның күн тәртібін сақтап, өз міндеттерін дұрыс атқарсын.
4. Балларды шығармашылық энерге үйретуді тәрбиешілер ойдағыдай жүргізссін.

Комиссия төрайымы




О.Усербаева

Комиссия мүшесі



К.Шалатаева

Комиссия мүшесі



Г.Аюпова

Хатшы



Нарова.Н

2021 желтоқсан

Қатысқандар – 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мереке күндеріндегі балалар тамағы.
3. Жылу жүйесін бақылау.
4. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Балабақшадағы тәрбиешілер оқу процесі бойынша жұмыстарды стандарт талаптарына сай жүргізуде. Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, топтарға бөлінгені бойынша өз жұмыстарын атқаруда.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мереке күндері бүлдіршіндерді тамақтандыру барысында абай болуымыз керек. Балалардың тамақтануына, денсаулығына басты назар аударуымыз керек. Күнделікті тамақты ұйымдастыру медбикенің түзген ас мәзіріне қараңыздар. Медбикенің мереке күні түзген ас мәзірі стандартқа сай болуы тиіс. Бәрімізге белгілі нәрсе мерекені тойлау күні, мереке қарсаңында балалар тәтті тағамдарды көбірек жеп, салқын сусындарды ішетіндері баршамызға мәлім. Міне осы жайттарды алға сала отырып, тамақтануды дұрыс ұйымдастырыңыздар. Осы мәселені айта келе медбике К.Кожакүлова баяндама оқумен жалғастырды. Дұрыс дайындалған тамақтың балалар мен жасөспірімдердің денесі мен ақылының бірқалыпты дамуы үшін мәні зор. Тамақтың жетіспеуі балалардың бойының өсуі мен дамуын кешеуілдетіп, организмнің әр түрлі ауруларға қарсыласуын төмендетеді, ал артық тамақтану – зат алмасу процесін бұзып, астың қорытындылауына зиянын тигізеді. Тиімді тамақтану балалар мен жасөспірімдердің жасына қарай организмнің негізгі нәрлі заттарды қажетсінуін және олардың ара қатынасын ескере отырып ұйымдастырылуы қажет. Нәресте кезіндегі сәби балалардың тамағында белокқа бай сүт және сүт өнімдері, ет, жұмыртқа болуы тиіс. Балалардың тамағына жидек, жемістердегі және олардың өңделген өнімдеріндегі организмге тез сіңетін углеводтардың болуының мәні зор. Сәби балалар мен ересек балалардың тағамындағы белоктар, майлар мен углеводтардың анағұрлым қолайлы ара қатынасы сәбилер үшін 1:1:3, ересектерге 1:1:4 болуы тиіс. Мұндай арақатынастан едәуір ауытқу тамаққа жетерліктей мөлшерде нәрлі заттар мен витаминдердің енгізілуіне қарамастан денсаулыққа зиянын тигізуі мүмкін. Ащы кофе, какао, шай ішсе, сондай-ақ шоколадты көп жесе, әсіресе, 3 жасқа дейінгі балалардың нервсі қозады.

кісі өз сөзінде жылу жүйесі іске қосу күрделі технологиялық процесс. Арнайы нормаларды сақтамау жылу жүйесіндегі техникалық апатқа, үзіліске немесе инженерлік – техникалық құралдардың істен шығуына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан да жылу жүйесін іске қосу процесі кестеге сәйкес жүзеге асырылады. 3 ғимараттағы жылыту жүйесі өз денгейінде жұмыс жасап тұр. Барлық топ бөлмелерінде жылу температурасы бір қалыпты. Әр 10 күнде пештерге су құйылып тексеріліп тұрады. Білім бөлімінің бұйрығына сәйес әр аптаның жұма күні аудандық басшылыққа жылу барысы туралы мәлімет тапсырылуында. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде жана жыл мекекесі аудан көлеміндегі барлық балабақшаларда жаңа жылдық іс-шара өткізіледі. Осы орайда, жана жылдық іс-шара кезінде сақтауға тиісті өрт қауіпсіздік шараларын естеріңізге салайық. Балабақша меңгерушілері, сол жердің сол жердің өрт жасақшыларын бұйрықпен бекітіп, кезекшілік ұйымдастыру қажет. Іс-шара басталар алдында, мекеменің өрт қауіпсіздігіне жаупты қызметкері арнайы өртке қарсы нұсқаулығын өтіп, жаңа жылдық іс-шара өтетін орнын мекен-жайын, уақытын өрт сөндіру хабарлауы міндетті. Жаңа жылды қауіпсіз қарсы алу кезінде Қытайдың және шет елдерден әкелінген зансыз, лицензиясы жоқ жанғыш, жарылғыш заттарды, бенгаль от шашауларын пайдалануға және басқа да өрт шығаратын заттарды қолдануға қатаң тиым салынады. Жаңа жылдық іс-шара басталар кезінде жақын бөлме алғашқы өрт сөндіру құрал - саймандарымен жабдықталуы тиіс. Биылғы жылғы Жаңа жылдық іс-шарамызшектеу шараларына байланысты кішігірім атап өтіледі.

Шешімі:

1. Мереке қарсаңында балалар тамағы санитарлық ережедегі норма сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Балабақша ғимаратындағы жылу температурасы 20-22 градуста сақталуы қадағалансын.
3. Жаңа жыл мекекесінде қауіпсіздік ережесі дұрыс сақталсын.

Комиссия төрайымы



О.Усербасва

Комиссия мүшесі



К.Шалатаева

Комиссия мүшесі



Г.Аюпова

Хатшы



Нарова.Н

2022 наурыз

Қатысқандар – 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы.
3. Көгалдандыру жұмыстары.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Бәрімізге белгілі нәрсе мерекені тойлау күні, мереке қарсаңында балалар тәтті тағамдарды көбірек жеп, салқын сусындарды ішетіндері баршамызға мәлім. Міне осы жайттарды алға сала отырып балабақша қызметкерлері тамақтануды дұрыс ұйымдастырды. Жылу жүйесін іске қосу процесі кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Білім бөлімінің бұйрығына сәйкес әр аптаның жұма күні Татев Асқарға жылу барысы туралы мәлімет дер кезінде тапсырылуда. Биылғы жылғы Жаңа жылдық іс-шарамыз шектеу шараларына байланысты кішігірім атап өтілді. Іс-шара барысында ешқандай жаман жағдайлар орын алмады. Ертеңгілігіміз жақсы өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде төтенше жағдай кезінде сіз дүрбелең алмайсыз. Әрбір тәрбиеші осы немесе басқа жағдайда іс-әрекеттер туралы нақты нұсқауларға ие. Бұл апат, өрт, табиғи апат болуы мүмкін. Әрқайсысының бастапқы міндеті – өз топтарының балаларын құтқару, содан кейін бастық немесе басшы орынбасарының қорытындылары туралы есеп беру. Барлық нұсқауларды нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезінуі керек. Қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік тек тәртіптік санкцияларға ғана емес, сонымен қатар әкімшілік айыппұлдар мен қылмыстық жазаларға да қолданылады. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі назар аударуды қажет ететін басты тақырыптардың бірі болып табылады. Балалардың өмірін мүмкіндігінше көп қорғау үшін, осы мекеменің барлық қызметкерлері өрт сөндіру бригадасына келіп, қажет болған жағдайда өрт сөндіру жаттығулары мен өртті сөндіру әдістерінен өтуі керек. Оларды алты айда бір рет тапсырады. Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз және кешкі жылыту жүйелері, тұрмыстық техника (тоңазытқышты қоспағанда) қалдырмаңыз. Балалар, электрлі қазандықтар мен шайбалар орналасқан топтарда пайдаланбаңыз, сондай-ақ тұрмыстық емес үй-жайларда қоқыс сақтауға арналған дүкендерді сақтаңыз немесе тұтанатын металдар мен құрылыс материалдарын сақтаңыз. Жабық бөлмелерде отшашуды және шам шамдарды, Bengal шамдарын ұйымдастыру мүмкін емес. Бөлмедегі шамдарды

толығымен өшіру және балаларға мақта мен дәкеден жасалған тәтті көйлектерге кию ұсынылмайды. Балабақшаның маңындағы аумақты бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытында жеткізілуі тиіс. Шатыр үй-жайлары жабық болуы керек және олардың кілттері оңай қол жетімді жерде қалдырылуы тиіс (әрине балаларға арналған емес). От алау кезінде балабақшалар мен балалардың қауіпсіздігі үй-жайда өрт қауіпсіздігі ережелерінің бар-жоғына тәуелді болады объективті. Ең алдымен, эвакуацияның кіріс және шығыс материалдарын тексеру қажет. Олар қажет емес заттарды немесе аппаратурамен қоршалмауы керек. Есіктерді ішкі жағынан кішкене, оңай ашылатын болтпен жабу маңызды. Есікке көзқарас тегін болуы керек. Балаларды эвакуациялау балабақшаның жақын ғимаратында жүргізіледі. Ең бастысы балаларды балабақшаның жоғарғы қабаттарынан алу. Біріншісі ең кішкентай эвакуация. Балалар дымқыл сүлгімен немесе көрпемен жабылуы керек, терезелерді түтінді ортада ашады. Егер бөлмеде өрт енсе, терезелерді ашу мүмкін емес, өйткені жобаның арқасында пайдалы от пайда болуы мүмкін. Жанып тұрған бөлмеден жылдам шығу үшін барлық жерде төрт рет тұрып, шығыңқы жерге барып, мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жабыңыз. Егер баланың киімі өрт кезінде өртеніп кетсе, оны оттегі енуін тоқтату үшін ылғал шүберекпен орап, денеге басу керек. Киімді өшіру үшін өрт сөндіргішті ешқашан пайдаланбаңыз. Осыған байланысты қосымша химиялық күйіктер пайда болуы мүмкін. Жанып тұрған бөлмедегі балаларды іздестіру балабақшаның барлық үй-жайлары тексерілген жағдайда ғана тоқтатылады.

Үшінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде әр топтың өзіне белгіленген алаңы бар. Осы алаңға гүл, көшет отырғызу, әр түрлі қажетсіз заттардан көз тартатын бұйымдар жасау, көгалдандыру, бір сөзбен айтқанда бүлдіршіндер ойнағанда көңілденетіндей ертегі кейіпкерлерін орнату секілді жұмыстар атқару керек. Біздің бақшаның қызметкерлері игі іске тосылып қалған жоқ. Бір кісідей жең түріп, бел буа кірісті. Әр топ өз алаңдарын гүл дестелерімен көмкеріп, қаратал, жеміс ағаштарын отырғызды. Жалпы айта келгенде балабақшада көгалдандыру жұмысының жүргізілуі өте маңызды. Осы көгалдандыру жұмыстары арқылы балалар қоршаған ортасын танып біледі, қазірдің өзінде балалар таңертең келісімен тәрбиеші апайларымен бірге гүлге су құюға қызығушылық танытып бірге еңбек етеді. Бұл өз кезегінде балаларды ұжымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеудің даңғыл жолы екені сөзсіз.

Шешімі:

1. Балабақшада өрт және техника қауіпсіздігін сақтау ережелері бойынша қауіпсіздік шаралары атқарылып қызметкерлерге әр 3 айда түсіндіру жұмыстары жүргізілсін
2. Балабақша ауласында көгалдандыру, көріктендіру жұмыстары іс-шара жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Комиссия төрайымы



О.Усербаява

Комиссия мүшесі



К.Шалатаева

Комиссия мүшесі



Г.Аюпова

Хатшы



Нарова.Н

2022 маусым

Қатысқандар – 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау.
3. Бала денсаулығын нығайту. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары.
4. Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау.
5. Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезінуі керек. Қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік тек тәртіптік санкцияларға ғана емес, сонымен қатар әкімшілік айыппұлдар мен қылмыстық жазаларға да қолданылады. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі назар аударуды қажет ететін басты тақырыптардың бірі болып табылады. Балалардың өмірін мүмкіндігінше көп қорғау үшін, осы мекеменің барлық қызметкерлері өрт сөндіру бригадасына келіп, қажет болған жағдайда өрт сөндіру жаттығулары мен өртті сөндіру әдістерінен өтуі керек. Оларды алты айда бір рет тапсырады. Әр топ өз алаңдарын гүл дестелерімен көмкеріп, қаратал, жеміс ағаштарын отырғызды. Жалпы айта келгенде балабақшада көгалдандыру жұмысының жүргізілуі өте маңызды. Көгалдандыру жұмыстары жылда өз дәрежесінде жүргізіліп келеді.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі К.Балыкбаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстары медбикеге жүктеледі және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отырады. Балабақшадағы балалардың тамақтану үдерісін қадағалау жұмыстарындағы медбикенің міндеттері: - жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау; - сақтау мерзімінің талаптарын орындау; - ас мәзірін құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау; - тағам дайындау технологиясы ережелерінің сақталуы; - балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалау болып табылады. Медбике балабақшадағы ас әзірлейтін бөлімнің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын ұстауын күнделікті тексеріп, топтағы балаларға тамақтардың жеткізілуін қадағалайды. Жеткізілген азық түліктердің сапасы мен сақталу мерзімі, шарты, пайдалану уақытының бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарға жеткізілетін тамақ өнімдері мемлекеттік

стандарттардың талаптарына сәйкес тексеріледі. Тез бұзылатын өнімдердің сапа куәлігінде: сұрыпы мен санаты, пайдалану мерзімі, зертханалық мәліметтері, сақтау мерзімі көрсетілуі керек. Балалар ас мәзірінің қажетті мазмұны – тамақ үлесінің химиялық құрамының мөлшелеріне байланысты жасалады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтану тәртібі – нақты ұйымдастырылған ережелер болуы керек. Негізгі тамақтанудың арасы 3,5-4 сағ. болғаны дұрыс. Дұрыс тамақтану тәртібінің тағы бір талабы - тәуліктік тұтынатын тағамдардың сәйкестендірілген тізімі. Күннің бірінші жартысында бала ағзасына пайдалы дәрумендермен байытылған және ақуыз бен майға қаныққан тағамдарды беру ұсынылса, күннің екінші жартысындағы асқа: тез қорытылатын жеміс-жидектер мен көкөністер, балық, сүт өнімдерін дайындап беруге кеңес беріледі. Мектепке дейінгі ұйымдарының ас ішетін бөлмелерінде күнделікті ас мәзірінің бекітілген үлгісі ілулі тұруы керек.

Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі К.Балыкбаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде барша адамзат баласын теңдей көріп, барша табиғат иелеріне жылуын аямай төгіп тұрған шуақты жаз мезгілінде өзіңізді бақытты сезінуге дайынсыз ба? Бақытты болудың сыры – тек арман мен мақсатта ғана емес, сонымен қатар өзіңді жайлы әрі қауіпсіз сезінуіңде. Ал өзіңді жайлы әрі қауіпсіз сезінудің бір сыры – денсаулық күтімінде. «Дені саудың жаны сау» демекші, жаз мезгілінде жаңа істерге жол ашып, белсене кірісу үшін және жаздың тамашасын сезініп, жағалауда уайымсыз демалып жату үшін дәл осы жаз мезгілінде өршитін және пайда болатын аурулардың алдын алған жөн. Жаз мезгілінің өзіне ғана тән ерекшеліктері, сақ болмасаңыз, өзіне ғана тән келеңсіздіктерін тудыруы мүмкін. Яғни, күннің көзі, ыстық топырақ, жәндіктер мен ыстықтан қатты қиналатын үй жануарлары, өсімдіктер, тағы да басқалары әртүрлі ауруларға себепші болады.

Шаң-тозаңнан болатын аурулар: Жаз мезгілдерінде шаң-тозаңнан пайда болатын аллергиялық аурулар жиі ұшырасады. Жаз айларында өршитін себебі де бар, осы мезгілде қаулап өсетін түрлі шөптермен байланыстыруға болады. Медицинада аллергияның бұл түрі көктемнен күзге дейін ғана созылатын болғандықтан, «маусымдық поллиноз» деп атайды. Аллергияға тап болған науқастың көзі, мұрны және денесі дуылдап қышып, қып-қызыл болып қызарады. Мұрнынан су ағып, көп түшкіреді. Аяқ асты жөтел пайда болып, терісі бөртеді. Тіпті науқастың тыныс алуы нашарлап, өкпесі тарылады немесе денесі ісініп, тамағы тітіркенеді, тіпті аллергиялық естен тану болуы да мүмкін. Аллергиядан зардап шегетін адамға негізінен көкөністер мен цитрусты жемістерге шектеу қояды. Сонымен қатар шоколад, кофе, какао, қант, тұздалған қытырлақ нандар (чипсы, кириешки) және теңіз өнімдері де сырқатты қоздырады. Есесіне, су, сүт өнімдерін, қырыққабатты күнделікті ас мәзірге қосып қойған дұрыс. Балалардың ас-суына айрықша көңіл бөлу керек. Аллергиядан зардап шегіп жүрген адамдар күнделікті тұтынатын тағамдардың тізімін жазып, өздеріне не жақпайтынын да аңғаруларына болады. Мәселен, күніне бір грамм С дәруменін қабылдау; тағам құрамында ақуыз, май, көмірсутегі жеткілікті болуы шарт; бөлмені желдетіп, ауасын жиі тазартып тұрған дұрыс; науқас жататын бөлмеде кілем, палас, жұмсақ ойыншықтар мен ортақ

заттардың болмағаны жөн. **Күн көзінен, күнге қыздырынудан пайда болатын аурулар:** Күнге күйгенде бастапқы кезде 10–15 минут, кейін қыздырыну уақытын ұзарту қажет. Бірден ұзақ қыздырынса, күн сәулесі өтіп, адамның дене қызуы көтеріледі. Кейбіреулер күнге қыздырынудың жөні осы екен деп тал түсте, ыстық күн астында, ыстық құм үстінде жатады. Олай етсеңіз, өз денсаулығыңызға өзіңіз қастандық жасағанмен бірдей боласыз. Негізінен «загар» қабылдауға қолайлы кезең таңертеңгілік сағат 9-12 арасы және кешкі 17-ден кейінгі уақыт. Бұл ереже сақталмаса күннің зиянды әсері дерматит, есекжем, терінің қатерлі ісігі ауруларына соқтыруы мүмкін. Міне осындай аурулардан аулақ болу мақсатында балабақшада жұмыстар жүргізіліп келеді. Ең бастысы тазалық сақтау. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндерді дер кезінде пайдалану және әрбір баланың денсаулығын түзеуге және шынықтыруға ұмтылу маңызды. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сауықтыру бойынша міндеттер: Мектеп жасына дейінгі балаларды тиімді сауықтыруды ұйымдастыруға арналған жағдайлар жасау. Балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын бекітуге және жетілдіруге, еңбекке тәрбиелеуге арналған жағдайларды қамтамасыз ету. Балаларға экологиялық тәрбие беруді, жануарлар мен өсімдіктерге деген қызығушылығын белсендіру. Табиғатты қадағалау барысында экологиялық ой-өрісін қалыптастыру. Тәрбиеленушілердің таза ауада оңтайлы түрде болуын, олардың қозғалу белсенділігін қамтамасыз ету. Салауатты өмір салты – қызметтің кез келген саласында, үйде, демалысты белсенді болудың негізі. Денсаулықпен ерте жастан айналысқан маңызды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жаздың күні таза ауада болуы бала ағзасын нығайтады және шынықтырады, олардың жан-жақты дамуы мен эмоциялық көңіл күйіне оң әсерін тигізеді. Жазғы кездегі ауруларды болдырмау үшін балабақша қызметкерлері ұйымдасқан түрде жұмыс жасау керек. Осы тұрғыда барынша атсалысуларыңызды сұраймын.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде. Баланың денсаулыққа және бақытты өмір сүруге деген құқығын іске асырудың бірден бір жолы, жаз кезеңінде мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Жазғы уақыттағы балалармен жұмысты сауықтыру деп айтады. Осы арқылы оның мақсаты мен бағыты айқындалады. Балабақшаның жаз кезіндегі жұмысының негізгі мақсаты сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға арнаған неғұрлым тиімді жағдайлар жасау және балалардың танымдық қызығушылығын дамыту болып табылады. Жазғы сауықтыру кезеңі тек белсенді тәрбие және білім беру жұмысына ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші мен балалар, тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы психологиялық кедергілерді жеңуге ықпал етеді. Балабақша ауласын балалардың ойнауына, балабақшада қызықты етіп өткізуіне жағдай жасау керек. Ол үшін ойын алаңдарын дұрыс ұйымдастыру керек. Балалардың өміріне қауіпсіз етіп жасаған дұрыс. Қауіпсіздік шараларын ойын алаңдарында жасаған тиімді. Бастысы біздің балаларымыздың денсаулығы. Осы тұрғыда атқарылатын жұмыстар өте көп. Сол жұмыстарды жасауды қолға алғалы отырмыз.

Бесінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде жыл сайын балабақшада ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Ағымдағы

жөндеу жылына бір рет жүргізіледі. Ағымдағы жөндеу кезінде балбақша ғимаратын тиімді пайдалану қажеттілігі туралы есте сақтау керек. Қабырғалар мен төбелерді сырлау қалпына келтіру, қабырғаларды бояу, еденді жөндеу және т.б осы мәселелерді алға тарта отырып жөндеу жұмыстарын дер кезінде және уақтылы бітіреміз деген ойдамын. Жөндеу жұмыстары тамыз айының соңғы аптасында болады деп жоспарлап отырмыз. 1-қыркүйекте балабақша жаңа оқу жылына толықтай дайын болуы керек.

Шешімі:

1. Жазғы тамақтандыру ұйымдастыру дұрыс жүргізілсін.
2. Бала денсаулығын нығайту жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары жүргізілсін.
3. Балабақша ауласын дайындау қадағалансын.
4. Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстары жоғары дәрежеде жүргізілсін.

Комиссия төрайымы



О.Усербаева

Комиссия мүшесі



К.Шалатаева

Комиссия мүшесі



Г.Аюпова

Хатшы



Нарова.Н